

## "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 4 тамыздағы № 517 қаулысы

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 15-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымының Жоғары бизнес мектебін дамыту және халықаралық деңгейдегі жоғары білікті ғалымдарды тарту бастамаларын 2021 жылы қаржыландыруды;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

А. Мамин